

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті**

Факультеті: Филология және әлем тілдері

Кафедрасы: Екі шет тілі

**Оқушылардың оқуда үлгермеушілігін
болдырмаудың жолдары**

СӨЖ №4

Орындаған: Серікқызы Ж.

Тексерген: Қасымова Р.С

Үлгермеушіліктің негіздері

1

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі;

2

- мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;
- сабақ босату, оқушының ауырып қалуы;

3

- тәрбие жұмысындағы олқылықтар оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;

Үлгермеушіліктің болдырмау жолдары

- Біріншіден әрбір оқушыға сабақ барысында берілетін сұрақтарды алдын ала ойлап қою керек, тапсырманы да әрбір оқушының күші мен қабілетін ескере отырып, берген жөн.
- Екіншіден мұғалімнің сабаққа ұқыпты даярлануы және сабақты сапалы өткізуінің жолдары мен әдістері үлгермеушіліктің болдырмау себептерінің бірі болып саналады.
- Үшіншіден сабақ барысында оқушыларды қызықтыра білуі, дидактикалық материалдармен жұмыс, жарыс ұйымдастыру, топпен жұмыс, көрнекі – құралдарды көп қолдану.

- ✓ Төртіншіден оқушылардың үйде орындап келген жұмысын мұғалім үнемі қадағалап, тексеріп отыратын болса, олар үйге берілген жұмысты тыңғылықты етіп орындауға дағдыланады.
- ✓ Бесіншіден ата - ананың қадағалауы, қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстарды жолға қою, үйге тапсырылған жұмысты жақсы орындаған оқушыларды дәріптеп, көтермелеу, басқаларға үлгі етіп көрсету - үлгерімі төмен оқушыларды сабаққа ынталандырудың бірден – бір әдісі.
- ✓ Алтыншыдан өткен материал жөніндегі оқушылардың ұғымын тексерудің тиімді жолдарына тоқталу. Жеке оқушыны тақтаға шақырып, тиісті сұрақтарға жауап алу. Мұғалімнің оқушыға берген сұрағы дәл, анық, ұғымды болғаны дұрыс.

❖ ***Жетіншіден баға қою*** – өте жауапты кезең. Бағаны дұрыс қоймау оқушыларға үлкен кері әсер етеді. Бұның тәрбиелік және оқушылардың сабақты дұрыс оқулары үшін маңызды екендігін мұғалімдер ұмытпауға тиіс. Әр уақытта оқушылардың жауабына сәйкес өткен материалға қысқаша қорытынды жасап отыру – олардың білімін нығайтуға пайдасын көп тигізеді.

Сегізіншіден жаңа тақырыпты түсіндіру. Оқыту жұмысының нәтижелі болуы - материалды дұрыс түсіндіруге және сабақты дұрыс жабдықпен өткізуге байланысты.

Тоғызыншы бұл сабақ үстінде әдіс - тәсілдерді өзгертіп, түрлендіріп отыру, оқушылардың сабақ үстінде өз бетінше істейтін жұмыстарымен жаттығу жұмыстарын тиімді етіп, түрлендіріп жүргізу - олардың сабаққа белсене қатысуына жол ашады.